5ә-1а-класс шаңырағы «Қыран» «Сарқыт» салтын насихаттады. Олар бүгінгі өмірді ертегілер әлемімен байланыстырды. Ертегі кейіпкерелері қонаққа келіп, наурызды бірге қарсы алды. Кетер уақытында ауыл әжелері қонақтардың еліне сарқыт беріп жіберді. Бұл шаңырақтың да ата-аналары белсене қатысты. 5ә-класының ата-аналары атынан Гүлшат пен Гүлнұрдың дайындықтары белсендірек болды. 1а-класынан тек оқушылар ағана ат салысты. Класс жетекшілердің де келесі де бірдікте болуы ұсынылады.

Қорытындылай келе:

1орын «Отбасы» шаңырағы

2орын «Өнер», «Патриот» шаңырағы

3 орын «Дәстүр», «Эрудит», «Қыран»

Белсене қатысқаны үшін грамотасымен «Денсаулық», «Парасат» шаңырақтары марапатталынды. Барлық шаңырақтарға шағын сыйлықтар берілді.





19 наурыз күні Түлектер ауылы болып мектебіміздің 11-класс оқушылары мерекелік шара өткізді.

20 наурыз күні ауыл тұрғындарымен бірлескен Наурыз шарасы өтті. Шараға мектеп, балабақша, шекарашылар, аурухана, селолық округ, Щербаков ЖШС, жеке қожалық пен кәсіпкерлер, ауыл әжелері болып қатысты. Әр ұжым дастархан жайып, көжеден дәм ауыз тигізді, мерекелік ән-жырларын тарту етті. Ұлттық ойындардан жарыстар өтті. Ауыл ақсақалдары бата беріп, құран бағыштады. Соңынан ауыл жастарының ұйымдастыруымен лотерея билеті болды.



Отбасы тәрбиесі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу аясында 2018 жылғы 10-15 қыркүйек аралығында «Отбасы- рухани жаңғыру» ұранымен «Отбасы-бақыт мекені» атты іс-шаралар өткізілді 8 қыркүйек күні **«XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНА: ӨЗ БАЛАҒА ҮЛГІ БОЛ»**. 1 сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық көмек РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ өтті. Барлық ата-ана саны «26» адам. Қатысқаны 23 ата-ана.



9-қыркүйек күні 11 сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық көмек РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ . Барлық ата-ана саны «22» адам. Қатысқаны 18 ата-ана.



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу аясында 2018 жылғы 10-15 қыркүйек аралығында «Отбасы- рухани жаңғыру» ұранымен «Отбасы-бақыт мекені» атты іс-шаралар өткізілді. Іс-шара барысында мектеп психологі Калинин А.Қ «Семья-это.....» «Отбасы-бұл...» 9,10,11-класс қыз балалар арасында дөңгелек үстел өткізді.



1,2-класстар арасында «Отбасыларды біріктірейік» «Объединим семью» атты акция өткізілді

Қыздар мен аналар бірігіп жасаған «Қолөнер-нәзік жанға тән өнер» атты қолөнер көрмесі өтті. Класс жетекшілер Отбасы күніне орай тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізді.

Сонымен қатар 1,2-класс ата-аналары және 40 жасқа дейінгі мұғалімдер мен 3,11-класс оқушылары арасында «Денсаулық -2018» фестивалі өтті. Фестивалдің ашылу салтанаты мектеп ауласында өткізілді. Ашылу салтанатында мектеп психологі Калинин А.Қ оқушыларды, ата-аналарды және мектеп мұғалімдерін Отбасы күнімен құттықтады. Және мектебіміздің «Наз» би тобы мектеп ауласына жиналған қауымды флешмоб биіне шақырды.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Тәлімгер Жоныс А мектептің 11-класс оқушыларымен бірлесе отырып «Жоғары класс оқушылары атандық» 9-класс оқушыларына арналған кеш өткізді.



«Бақытты бала» жобасы аясында «Лагерьдегі қызықты сәттерім» презентациясымен таныстыру ұйымдастырды. «Денсаулық фестивалі -2018» жалпы жүгіруден жарыс өтті. Жеңіске жеткен оқушылар марапатталынды.



Көктемгі каникул күндерінде оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға байланысты төмендегідей іс-шаралар өтті.

28-наурыз күні психолог Ж.Жанакбаеваның ұйымдастыруымен 9-11класс оқушыларына арналған «Стресс және оны жеңудің жолдары» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингке 15оқушы қатысты.

Тренинг барысында оқушылар стресс туралы ойларын білдіріп, психолог тарапынан қосымша мәліметтер берілді.



29-наурыз күні 5а-5ә класс оқушылары арасында тәлімгер А.Жоныстың ұйымдастыруымен « 21 ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды сайысы өтті. 5а-класы «Бәйтерек», 5ә-класы «Ханшатыр» тобы болып білімдерін ортаға салды.Сұрақтар деңгейіне байланысты 3-бөлімнен тұрды.Қортындылай келе 5а-класы «Бәйтерек» тобы жеңіске жетті.



Ақпан айында мектебімізде үш тілділікте білім беру бағдарламасы аясында облыстық семинар өтті. Семинарға аудан мектептерінің жаратылыстану – математикалық пәндерінің мұғалімдері қатысты. 8-кластарда ашық сабақтар өтті.



Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі

27 қаңтар күні жаппай күнімізді интернетсіз өткізіп, бір-бірімізге көңіл бөліп, — бұл күнді тек қана «шынайы» әлемде өмір сүру үшін, жақын адамдармен қарым-қатынас жасау немесе оны сүйікті хоббиіне арнау үшін өткізейік, - деген жадынамалар таратылды. Оқушылар мектеп жанындағы мұз айдынында сырғанады. Мектепте спорттық секциялар өтті.



Каникул күндерінде спорттық секцияға қатысатын оқушылар үшін жаттығу сабақтары жүргізілуде. Тоғызқұмалақ жаттықтырушысы А.К.Жармедетов .



27 наурыз күні 1,2,3,4-класс оқушыларының аралығында мектепшілік дойбыдан жарыс өтті. Ұйымдастырушы: Кушкимбаев Т.Е
Жарыс қорытындысы бойынша 3б- класс оқушылары жеңіске жетті.



Қыздар арасында футзалдан жаттығу сабағы. Жаттықтырушысы Сырмаханов Ш.Қ.



Рухани-адамгершілік тәрбие /сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, діни тәрбие/

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары «Қарттарым-асыл қазынам» атты мерекелік ән шашуларын тарту етті. Мерекелік шараға ауылымыздың үлкендері шақырылды. Ауыл қарттарын селолық округ әкімі Б.Н.Прмағамбетов және мектеп директоры С.Б.Биртаева құттықтады. Мереке қарсаңында ауыл қарттары арасында шахматтан жарыс ұйымдастырылған болатын. Қорытындысы бойынша 1 орын Молдахметов Е, 2 орын Жармедетов Қ, 3 орын Жоламанов А атайлар жеңіп алғаны үшін грамотамен марапатталынды. Мерекелік концерттен соң ауыл үлкендеріне дастарқан жайылды. Қариялар баталарын беріп, ризашылықпен тарқасты.

Сонымен қатар мереке қарсаңында ауылымыздың жалғыз басты қарттарының үй шаруасына көмек көрсету мақсатында «Қамқорлық» акциясы жүргізілді. 8-11-класс оқушылары класс жетекшілерімен қариялардың үйлеріне барып, мерекемен құттықтады, үй шаруасына көмек берді.

5,6-класс оқушылары зейнеткер ұстаздарымызды үйлеріне барып арнайы құттықтады.

Бастауыш класс оқушылары арасында «Менің атам-менің әжем» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Қарттар күні мерекесі өз деңгейінде ұйымдастырылды. Үлкенге құрмет көрсету - бүгінгі жас ұрпақ үшін үлкен міндет, парыз.



«Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясының ұйымдастырылуы туралы мектеп директорының бұйрығы бекітілді. Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге хабарлама жасау мақсатында ақпарат беру тақтасы жасалынды. Қамқорлық кеңесінің мүшелерін бекітілді. Кеңеске мүше болып Мукашева К.С- тәрбие ісінің орынбасары, Ишаулова Г.М- әлеуметтік педагог, Кушкимбаева А.Ж- еріктілер тобының төрайымы, Жоныс А-тәлімгер, Калинин А.К-психолог бекітілді. Әлеуметтік қорғалмаған және көпбалалы, сәтсіз отбасындағы көмек қажет ететін оқушыларды анықтау мақсатында, оқуға тартылмай қалған балаларды анықтау үшін мектеп мұғалімдерінен /22 мұғалім/ 1 рет рейдке шықты. Рейд барысында мектепке келмей отырған балалар анықталған жоқ. Қайырымдылық көрсететін демеушілерді тарту үшін жеке кәсіпкерлерге қатынас хаты жолданды. Жеке кәсіпкерлер Жулдубаева Н.А /1000 тг/, Дүйсенбина С /1000 тг/ демеушілік көрсетті.

«Қамқорлық – менен басталады!» атты қайырымдылық қорының жұмысы ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларын, ата-аналарын, мұғалімдер мен кіші қызметкерлерді қамқорлық жасауға шақырылып, осы қайырымдылыққа 5000 тг қаржы көлемінде оқу құралдары салынған. Оқушылар жақсы белсенділік танытты. «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Мектебіміздің еріктілер тобы тәттілер пісіріп әкеліп сатып, түскен қаражатқа оқу құралдарын сатып алып қайырымдылыққа өз үлестерін қосты. Осы қаржыдан 7 оқушыға оқу құралдар таратылып берілді. Балалар ризашылықтарын білдірді. Қайырымдылық туралы кластарда тақырыптық сағаттар өтті. Акция жақсы ұйымдастырылды.

Нижник В 5б-класс оқушысы, Нижник В 3б-класс оқушысы, Жолекенов Т 2а-класс оқушысы, Ғалымжанқызы Ж 3а-класс оқушысы, Бежан А 0б-класс оқушысы, Фабиян Д 2б-класс оқушысы, Бахрадинов Е 5а-класс оқушысы, балабақша балаларына берілді.



Қаңтар айында қыздар клубының отырысында «Хиджаб кию дұрыс па, әлде...» тақырыбында дебат өтті. Дебат барысында қыздар «Иә, Жоқ» деген кеспе қағаздар арқылы екі топқа бөлінді. Қыздар өз ойларымен бөлісті, бүгінгі қоғаммен байланыстырды. Соңында дінтану пәнінің мұғалімдері Б.Шукимбаева мен Н.К.Захаренкова «хиджаб кию және оның шығу тарихы» туралы деректермен таныстырып өтті. Сөз соңында тәрбие ісінің орынбасары әр халықтың өзіне тән

салты мен дәстүрі, тәрбиесі болатынын айта келе, біз қай ғасыр, қай заман болмасын ата-бабамыздың салып кеткен ізін ұстануымыз қажеттігін баса айтты.

12 қаңтар күні 9-11 кластар мен студенттердің қатысуымен «Мамандықтың бәрі жақсы...» атты студенттермен кездесу кеші өтті. Кездесу кеші «Улыбайся» әнімен ашылды. Кешімізге 25 студент жастар келді. Кеш барысында тәрбие ісінің орынбасары Мукашева Кенжегүл Сериккалиевна студент жастарға және мектеп тұлғаларына арнап сөз сөйледі.

Студент жастарға арнап түрлі логикалық сұрақтар қойылды және мектебіміздің жоғары класс оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Және «Сұрақ-бізден, жауап-сізден» деп оқушылар өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойды.


Кеш соңында студент жастардан «Қонақ кәде» сұрадық. Студент жастар өз өнерлерін ортаға салды.



«Өзін-өзі тану пәні – болашаққа жол ашады» тақырыбында өзін-өзі тану пәнінің апталығы өтті. Апталық жоспары құрылып, пән мұғалімдері А.Қ.Калинчук пен А.Алиева бірнеше іс-шаралар өткізді. Белсене қатысқан оқушылар марапатталынды.




1 наурыз Алғыс айту күніне орай бірнеше іс-шаралар өтті. Мерекеге орай кіреберіс дәліз безендірілді. «Рахмет» сөзі бірнеше ұлттық тілінде жазылып ілінді. Осы мерекеге орай мектебіміздің 11-класс оқушылары мұғалімдер бөлмесін безендіріп, алғыс айту плакатын шығарып ілді. 1 наурыз күні 1-11-класс оқушыларына арналған мектепшілік салтанатты жиын өтті. Жиынға барлық мектеп сап түзеді. Мектеп директоры С.Б.Биртаева қатысып, мерекемен құттықтады. Оқушылар өлең жолдарын оқып, интерактивті тақтадан «Қазақ еліне алғысым зор» атты видео-роликті тамашалады. «100 ән» жобасы аясында «Қазақстан бақыты» әнін орындап шықты.



Кластарда тәрбие сағаттары өтті. Бұл күні «Шаңырақ» жобасы бойынша екі кластың оқушылары бірлесе отырып атап өтті. Бастауышта білім берген ұстаздарына, бір-біріне алғыстарын білдірді.



Осы күні мектептің оқушылары «Рахмет» откырткасын жасап, технология сабағында дайындаған шағын сыйлықтарымен мектебіміздің кіші қызметкерлеріне алғыстарын білдіру акциясын ұйымдастырды.



2 наурыз күні мектеп кітапханашысы Г.О.Абдиханованың ұйымдастыруымен 9а, 5а-класс «Өнер» шаңырағының оқушыларының қатысуымен «Алғыс алған арымас» атты кездесу өтті. Кездесуге мектебіміздің зейнеткер ұстаздары Ұзақбаева С.Ж мен Калиева А.Н шақырылды. Оқушылар Алғыс айту тақырыбында өлеңдер оқып, ардагер апайларға өмір жолдарынан сұрақтар қойып отырды. Соңында апайлар оқушыларға алғыс алу керектігін, айтып баталарын берді. Оқушылар өз сыйлықтарын табыс етті.



«Алғыс, бата ал» акциясы аясында мектебіміздің оқушылары жалғызбасты қариялардың үйлеріне барып, шаруаларына көмек көрсетті. 1 наурыз күні ауылымыздың көп балалы аналарына арнап мектеп оқушыларының дайындаған «Алғыс айту парызым» атты мерекелік концертті өтті. Концертке селолық округ әкімі Б.Прмағамбетов қатысты.

8-наурыз мерекесіне орай мектепшілік іс-шаралар өтті. Кластарда қыз балаларды құттықтау, аналарын құттықтау шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектебіміздің «Қайсар» ұлдар клубының ұжымы мерекелік концерт дайындады.





Мектепте оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» клубы құрылды. Жұмыс жоспары жасалды. Жетекшілері тарих пәнінің мұғалімдері Г.Тышимова мен Н.Захаренкова бекітілді және 18 оқушы клуб мүшесіне қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оқушыларға түсінік беру мақсатында төмендегідей шаралар өткізілді.

Қараша айында клуб мүшелерінің ұйымдастырумен мектептің 7-11-класс оқушыларының қатысуымен / 52 оқушы / «Адал ұрпақ- Мәңгілік елдің болашағы» слеті өтті. Слетке тәрбие ісінің орынбасары, клуб жетекшілері қатысты. Клубтың топ басшылары Ижбаева Р мен Жоламанова А 2тілде клубтың құрылу мақсаты мен бағыттары туралы толық ақпарат беріп өтті.

Жемқорлыққа қарсы білім секциясы бөлімінің мүшелері Слюсарь В, Ижбаева Р, Кожин В, Рамазанова А, Әлімжанов А, Ерахметова А жемқорлыққа қарсы тұра алуға бағыттайтын тақырыптық баяндамалар оқыды, видео материалдар көрсетті. Әрбір оқушыны «Адал ұрпақ» клубының белсенді мүшесі болуға шақырды. Қараша айында клуб жетекшілері Г.Т.Тышимова мен Н.К.Захаренкова «Қазақстан-құқықтық мемлекет» дөңгелек үстелін өткізді. Дөңгелек үстелге 18 оқушы



қатысты. Соңында қатысушылардың сауалнама алынды.

Сонымен қатар 7 қараша күні ауданда өткен «Жас ұрпақ адал жолды тандайды» атты дебатқа біздің мектебіміздің «Ақиқат» тобы қатысып 3 орынды иеленді.



8 қараша күні «Адал жол-Честный путь» марафон-эстафетасының аясында аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Әйтеке би ауданы сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты КТК ойынына мектебіміздің оқушыларынан /4 оқушы/ Фазылбек Ә, Әлімжанов А, Темірбекұлы С, Ерахмет Е құралған «Мәссаған» тобы жүлделі Зорынға ие болып қайтты. Дайындаған жетекшісі тәлімгер Жоныс А.

12 қараша күні Облыстық білім басқармасының 17.10.2018 жылғы №26579 шығыс хатына сәйкес, облыс әкімінің тапсырмасымен «Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жобасы аясында десанттық топ келіп, оқушылармен және мұғалімдермен, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осы кезде бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бірі-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүргізген жұмыстары болатын. Топ мүшелері жемқорлықтың алдын алу мақсатында балаға түсінік берсе, мұғалім қалай жұмыстануы керек, ата-ана отбасында қалай тәрбиелеуі керек деген сұрақтарға толық мәліметтер беріп өтті. Қатысқан оқушы саны -58



Қатысқан мұғалім саны-22.



Қатысқан ата-ана саны- 16

7 желтоқсан күні мектепте сағат 10.00-де Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бірыңғай сағаты өтті. «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі құқық пәнінің мұғалімі 8-11-класс оқушыларымен /45 оқушы/ «Жемқорлықсыз ел-гүлденген ел» тақырыбында интерактивті сабақ өткізді. Оқушыларға бейне –роликтер көрсетілді. Оқушылармен ой-бөлісу сәті өтті. Оқушылар сыбайлас жемқорлықты қалай түсінетіндерін, бүгінгі қоғамда қалай орын алып отырғанын айтып , өз пікірлерімен бөлісті. Оқушыларға соңында жадынамалар таратылды.

«Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес «Парасатты азамат» бұрышы жасалды және ол жаңартылып отырады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Алтын күз апталығына орай «Күз кереметтері» тақырыбында қолөнер көрмесі және сурет көрмесі ұйымдастырылды.

5-8-кластар аралығында «Күз аруы» байқауы өтті.

«Күз аруы» атағына Тұралы Е. 5ә-класс оқушысы ие болды. Барлық қатысушыларға атақтар берілді.



1-4-кластар аралығында «Қош келдің, мол ырысты Алтын күз» атты ертеңгілік ұйымдастырылды. Оқушылар белсене қатысты.



9-11-кластар аралығында «Жапырақтар сарғайғанда» атты кеш өтті.

Халықаралық қыздарды қорғау күніне байланысты 4-13 қазан аралығында онкүндік өтті. Онкүндік барысында мектебіміздің Ұлдар клубы қыздарды құттықтап «Қыздар күнімен»-деп құттықтау плакаттарын ілді. Кітапханашы «Қыздар мен әйелдер құқығы» тақырыбында кітап көрмесін жасады. Сонымен қатар мектебімізде қыздар арасында «Қызым, саған айтамын...» атты кездесу өтті. Кездесуге ауылдық емханадан медбике және Аналар клубының мүшелері шақырылды. «Зорлық-зомбылық қатыгездік пе, әлде тәрбие әдісі ме?» тақырыбында Шукимбаева Б.А., Жанакбаева Ж.Ж. 8-класс қыздары арасында және Мукашева К.С. 5,6,7-класс қыздары арасында «Қызға-нәзіктік» атты дөңгелек үстел өткізді. 1-11-кластар арасында Класс жетекшілері «Қыз өссе, елдің көркі», «Қыздар арасында», «Халықаралық қыздар күні», «Қыз-бойжеткен-Ана» т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді.



Мектеп оқушылары тәлімгер А.Жоныспен бірлесе отырып 5 қазан күні мұғалімдер күнінен орай іс-шара ұйымдастырды. Бұл күні мектепте «Өзін-өзі басқару» күні өтті. Сол күні 12-кластар болып мектеп мұғалімдері оқушылық шаққа оралып, оқушы роліне еніп, сабаққа қатысты. Сабақтар өте қызықты өтті. Оқушылар болса мұғалім болып, сол күнді қызықты етіп өткізуге тырысты. Содан соң оқушылар «Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем» атты концерттік бағдарламасын өткізді.



2019-2020 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары басым 8 бағыт бойынша құрылды.

Мектеп бойынша «100 ән», «100 кітап», «Шаңырақ» жобалары енгізіліп отыр. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылды. 2019-2020 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 2 тәрбие ісінің орынбасары, 22 класс жетекшісі, 3 тәрбиешісі, 2 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 медбике, 1 АӘД мұғалімі, 1 кітапханашы жұмыс атқарды.

Талдысай ЖОББМ тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді тұлғаны қалыптастыру.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзін-өзі бағалайтын, өзіндік пікірі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеп шығару;

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

құқықтық тәрбиелеу бағыты бойынша

1 қыркүйек Білім күніне орай «Сыңғырла, күміс қоңырау» атты салтанатты жиыны өтті. Жиынға 275 оқушы сапқа тұрғызылды. 1-класқа 29 оқушы қабылданды. Жиынға арнайы ардагер ұстаздар шақырылды. Аудандық акиматтан жиынға кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Доданова А.К қатысты. Салтанатты мерекеге осыдан 30 жыл бұрын бітіріп кеткен түлектер қатысты. Алғашқы қоңырауды 1-класс оқушылары Жарболұлы Н мен Русланова С және 11-класс оқушылары Еспанова А мен Кожин В соқты. Білім күніне арналған салтанатты жиын өз мәнінде мазмұнды өтті.



2 қыркүйек күні 1-11-класстарда алғашқы сабақ өтті. Сабақты класс жетекшілері өткізді. Мақсатқа сай жоспар құрылып, барлық класстар безендірілді. Оқушыларға Конституция күні мерекесі, Отанымыз Қазақстан туралы айтылып, биылғы жылғы атаулы күндерге тоқталып өтті. Оқушылармен ой-бөлісу сәтінде жазғы демалысты қалай өткіздіңдер?,- сұрағы бойынша оқушы ойы тыңдалды, видео-роликтер көрсетілді, ән салып, өлең жолдары оқылды. Барлық класстарда сабақтар жақсы ұйымдастырылды.

ҚР тұңғыш Президенті күніне орай өткізілген 28 қараша күні 10-класс оқушылары «Нұр-Сұлтан- болашақтың қаласы» атты фото-көрмесін жасады. 29 қараша күні екінші сабақтарда барлық класстарда «Заманауи Қазақстан. Елбасының көшбасшылық сабақтары» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Сабақтар

барысында оқушыларға Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіз еліміздің жасауына қосқан ерен еңбегі танылып, бойындағы көшбасшылық қасиеттердің болуы туралы айтылып, үлгі етілді.

16,11б-класында класс жетекшісі Слюсарь Р.П өткізген ашық сабаққа ардагер ұстаз Кожина Т.В ,4б-класында Лыкова С.Ф сабағына ардагер ұстаз Павлова Н.В, 2б,3б-класындағы ашық сабаққа ардагер ұстаз Узакбаева С.Ж,8б-класына Фильченко В.С,6б

6б,7б-класындағы ашық сабаққа ардагер ұстаз Калиева А.Н, шекарашылар қызметкерлері , 9а-класындағы ашық сабаққа қамқоршылық кеңестің мүшесі, ауылдық кітапханашы Сарсенова Р.А, 5а-класындағы сабаққа ата-аналар кеңесінің мүшесі Машева Р, 7а-класындағы ашық сабаққа ата-аналар кеңесінің төрайымы Бодықова Г ,3а-класындағы сабаққа ардагер ұстаз Ергалиева Г және сабақтарға мектеп директоры С.Б.Биртаева мен тәрбие ісінің орынбасарлары К.С.Мукашева мен А.Е.Сарсенова, тарих пәнінің мұғалімдері қатысты. Сабақтар өте жақсы өтті.



29 қараша күні тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева 1-класс ер балаларының аралығында «Егер мен Президент болсам...» атты сайыс өткізді. Сайысқа 1а-класына 7 ер бала, 1б-класынан 6 ер бала қатысты.

Сайыс кезеңдері төмендегідей :

1. «Мен 1 класс оқушысымын» әр оқушы өзін таныстырып өтеді.
2. «Ұланымын елімнің» оқушылар туған жер, Отан тақырыптарында патриоттық рухта өлең мәнерлеп оқиды.
3. «Ұшқыр ойлы оқушы»

а/суретті құрастыру

ә/бір әріптен бірнеше сөздер атау

4. «Егер мен президент болсам » ой-толғау айту

Сайысымыздың әділ қазылар алқасы болып

- 1.Биртаева С.Б-мектеп директоры
2. Дүйсенбина Р.О- әдістемелік жөніндегі орынбасары
3. Лыкова С.Ф -бастауыш класс мұғалімі

Қорытындылай келе:

1а-класы оқушылары арасында 1 орын Қайырхан А, 2 орын Ерболұлы Е, 3 орын Кенжебекұлы Д иеленсе, 1б-класынан 1 орын Ашықбаев Р, 2орын Сабирьянов Д, 3 орын Акбулатов Р иеленді. Оқушылар мадақтамамен марапатталынды.



29 қараша күні мектептің оқушыларына «Ұлт Көшбасшысы» атты салтанатты жиыны өтті. Жиында оқушылар ән салып, флешмоб билеп, Н.Ә.Назарбаевтың еңбек жолы туралы видео-материалдар тыңдалды. Жиынға мектеп директоры С.Б.Биртаева қатысып, мерекемен құттықтап, оқушыларды марапаттады.



27 қараша күні 6,7,8-класс оқушылары «Менің тұңғыш президентім» шығарма жазу байқауына қатысып, 1 орын Тұралы Е бә, Бақытқали Н 7а, Морец Ю 8б, 2 орынды Кенжебекқызы Ұ бә, Сарсенова П 7а, Хабибуллина Д 8б, Зорынды Нұрберген Я бә, Қуанышбаева А 7а, Бежан Е 8б-класы оқушылары жеңіп алып, марапатталынды.

Мектеп кітапханашысы Абдиханова Г.О «Елін сүйген Елбасы» кітап көрмесін ұйымдастырды.

30 қараша күні мектептің акт залында оқушыларға «Балалық шағымның аспаны» кино-фильмі көрсетілді. Тәуелсіздіктің 28 жылдығын атап өту мақсатында төмендегідей іс шаралар өткізілді.

10-желтоқсан күні мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен 2-5 класс оқушылары үшін «Жас ұлан» бірыңғай жасөспірімдер мен балалар ұйымына қабылдау салтанатты өтті. Қабылдау барысында тәрбие ісінің меңгерушісі Мукашева К.С ұйымға өткен оқушыларды құттықтады. «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымына өткен оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Шахмат үйірмесінің жетекшісі Кушкимбаев Т.Е ұйымдастыруымен мектепшілік «Шах немесе Мат» шахмат жарысы өтті. Жарыс қортындысы бойынша

1 орын Төлегенов Ернар 2 орын Стусь Кирил Зорын Ерахмет Фархат иеленді.



11-желтоқсан күні тарих пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Елдің дастаны елдікте» атты тарихи кеш өтті.

12-желтоқсан күні технология пәнінің мұғалімі Дүйсенбина А.А ұйымдастыруымен «Ұлттық колөнер- ұлы мұра» колөнер көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге оқушылар өздерінің қолдарына жасаған бұйымдарын әкеліп қойды.

13-желтоқсан күні мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Қазақстанның мәңгілік жері- Ұлы дала елі» салтанатты жиыны өтті.Салтанатты жиынға аудандық білім бөлімінің басшысы Жарымбетов Қаныш Досұлы, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Бекетов Зейнел ағай және мектеп директоры Биртаева С.Б қатысып оқушыларды және мұғалімдерді тәуелсіздік күнімен құттықтап жетістікке жеткен мұғалімдермен оқушыларды марапаттады.Жиын барысында мектебімізде құрылған «Шаңырақ» жобасы аясындағы біріктірілген кластар өз құттықтауларын айтты.Оқушылар ән салды би биледі. Би үйірмесінің жетекшісі Елеусинова А.А ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туы желбіресін» флешмоб өтті.



9-13 желтоқсан күндері класс жетекшілер Тәуелсіздік күніне орай шаңырақтар біріктіріліп тәрбие сағаттарын өткізді



14 желтоқсан күні 1-7 класс оқушыларының атаналары бірлесе отырып «Тәуелсіздік-тұғырым» атты мерекелік концерт өтті. Концерт барысында ата-аналар ән шырқап, би билеп, күй тартып концерттік бағдарламаны өз деңгейінде өткізді. Концерт барысында мектеп директоры Биртаева С.Б ата-аналарды ҚР Тәуелсіздік күнімен құттықтады.



Қаңтар айында 2020 жыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Филологтар ӘБ мұғалімдерінің ұйымдастырумен апталық өтті. Ақпан айында "Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында" тақырыбында Ауған соғысы жауынгері Атбағаров Ж.Қ АӘД пәнінің мұғалімі Ахмет А кездесу сағатын өткізді. Ақпан айында тарих пәнінің мұғалімі Захаренкова Н.К 6б,7б-класс оқушылары арасында сыныптан тыс шара өткізді. Мамыр айында Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында «Менің атам майдангер» челленджі, кластарда Ұлы Жеңіске 75 жыл класс сағаттары өтті.

Оқушының құқығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша

20 қараша Дүниежүзілік балалар күні және Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы қабылданғанының 30 жылдығы мен ратификацияланғанының 25 жылдығын мерекелеу барысында өткізілген «Балалар үшін бірге» іс шаралардың анықтамасы


18 қараша күні тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева дүйсенбілік сап түзеуде оқушыларға «Конвенция - бірегей халықаралық балалар Конституциясы» баяндамасын жасап, апталықтың жоспармен таныстырды.

1,2,3,4, 5 -класс оқушылары «Рисую, что люблю», «Ұнайтынымды суретке саламын» сурет салу конкурсына қатысты.

20 қараша күні тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева мен психолог С.Сакенай

20 қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай таңғы тренинг өткізді. Оқушыларға «Великолепный шкатулка» әдісі бойынша тілектер жазылған кеспе қағаздар таратылды.

Мектеп дәлізіне оқушыларға және ата-аналарға ақпарат беру мақсатында бұрыш жасалынды. Бұрышқа «өз құқығыңды білесің бе?» сауалы қойылып, оқушылар өз жауаптарын жазып қалдырды.



21 қараша күні мектеп психологі С.Сакенай 8а,9а-класс оқушыларының арасында «Менің құқығым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар бала құқығы туралы мәліметтермен бөлісіп, өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты. Психолог оқушыларға сұрақтар қойып, тренинг өткізді.



21 қараша күні тарих пәнінің мұғалімі, 6а,6б-класс жетекшісі Алиева А.М 6а,6б-класс оқушылары арасында «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Шараға әр оқушы жекелей тапсырмалар орындау арқылы жарысқа түсіп, жеңіске жеткен оқушылар марапатталынды.



Құқық пәнінің мұғалімі Захаренкова Н.К 6б,7б,8б-класс оқушыларының аралығында «Права человека. Конвенция о правах ребенка» тақырыбында сайыс сабағын өткізді.



Қараша айының 9-16 күндері жасөспірімдер арасында қайыр сұрау фактілерін болдырмау мақсатында Республикалық «Попрашайка» іс-шарасының анықтамасы

15 қараша тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева мен құқық пәнінің мұғалімі Н.К.Захаренкова «Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не?» тақырыбында баяндама оқып, оқушыларға толық түсінік берді. Бұл шараға мектебіміздің ұлдар клубының мүшелері 8-11-класс ер балалары, барлығы-23 бала қатысты. Сонымен қатар 15-қараша Темекі шегуден бас тартудың халықаралық күніне орай мектеп медбикесі А.Ахметова «Жаман әдеттен сақтан жас дос» дәрігерлік кеңесін берді. Оқушыларда сауалнама алынды. Отырысқа ұлдар клубының жетекшісі М.Кургулин мен АӘД пәнінің мұғалімі А.Ахмет қатысты. 13 қараша күні мектеп психологтары А.Калинчук пен С.Сакенай Диагностика «Самоценка» Ч.Д.Спилбергер, Л.Ханина жүргізсе, «Жасөспірімдер арасында бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау» сауалнамасын алды. Қорытындысында жасөспірімдер арасында мазасыздық, күйзеліс байқалмағанын, мектепте бопсалаудың жоқтығы анықталды.

Класс жетекшілер тарапынан ата-аналарға балалар арасындағы қайыр сұрау фактілерін болдырмау мақсатында балаларына кеңес беру, ескертіп отыру қажеттілігі туралы хабарламалар тарату және балалар арасындағы қайыр сұрау фактілерін болдырмау мақсатында класындағы оқушыларға тәрбие сағаттарын өткізу, класс жиналыстарын өткізу жұмыстарын жүргізді.



Рухани-танымдық тәрбие бағыты бойынша

1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесі өтті. Осыған орай Талдысай орта мектебінде селолық округпен бірлесе отырып, мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.


Осы мерекеге мектеп оқушылары әдеби-сазды бағдарламасын ұсынса, селолық округ ұжымы, ауылдық кітапханашы бірлесе қарияларға ақ дастархан жайды. Мерекелік құттықтауға селолық округ әкімі Смагулова Р.С қатысып, қарттарды құттықтады. Мектеп директоры С.Б.Биртаева өз сөзінде қарттарға құрмет көрсету шарасы осы мектепті басқарып келе жатқан 12 жыл ішінде үздіксіз өткізіліп келе жатқанын айтты. Ауыл ақсақалдары атынан Назаров А, Толтаев Ж сөз сөйлеп, жастарға алғыстарын білдірді. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 6б,7,8,9,10,11 класс оқушылары ауылымыздағы өздері тұрып жатқан қариялардың үйлеріне барып, мерекемен құттықтап, оқушылар өлең оқып, күй тартып, ән салып беріп, үй шаруасына да қолқабыстарын тигізді. Бұл шараның мақсаты арқылы балалардың бойында үлкенді сыйлау, құрмет көрсету, еңбек адамдарын үлгі ету болатын. Бұл шараға 6а,6ә-класс оқушылары меркелік ашықхаттар дайындаса, 2,3,-класс оқушылары сурет көрмесін ұйымдастырды.

6б-классы Мыскова әжеге, 7а-классы Надводцкая К әжеге, 7б-классы Скорбогатко Н әжеге, 8а-классы Холоша Т әжеге, 8б-классы Лупояд Ш әжеге, 9а-классы Бурундуковтар отбасына, 9б-классы Собакинских М атаға, 10а-классы Лыкова Г.М, 10б-классы Снежкова Н әжеге, 11а-классы Стусь А атаға, 11б-классы Головощенко М әжеге қамқорлық көрсетті. Үй шаруасына көмек берді, мерекемен құттықтады. Жыл бойы қамқорлық көрсетуді міндеттеріне алды.





Ұстаздар күні мерекесі аталып өтті. Мереке қарсаңында мектебіміздің жас мамандары мен еріктілер тобы ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Сұхбаттар алып, мерекелік сыйлықтарын табыс етті. Мереке күнінде мектептің оқушылары мұғалімдер үшін арнайы құттықтаулар дайындап, «Өзін-өзі басқару» күнін ұйымдастырды. Мерекелік концерт дайындалды.



Мұғалімдер күніне орай жас биылғы «Жастар жылы» болғандықтан жас мұғалімдер мен мектептің жоғары класс оқушыларынан құралған команда арасында спорттық эстафета өтті. Эстафетаны дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Сырмаханов Ш.Қ өткізді. Қорытындысы бойынша 1 орынды «Мұғалімдер» командасы жеңіп алды. Мақтау грамоталары мен сыйлықпен марапатталынды.




Мектепте «Сымбат» қыздар клубы жұмысын жалғастырды. Жетекшісі Нурешова Л.Б. Жыл басында қыздар клубының 1 отырысы өтті. Клубқа 8-11-
классының қыздары қабылданады.
Халықаралық қыздарды қорғау күніне орай төмендегідей іс-шаралар өтті.
8-9-қазан күндері 2-7-класс ер балалары қыздарға арнап құттықтау плакаттарын шығарды.



9-қазан күні 3-9-класс қыз балалары арасында дойбыдан жарыс өтті.



10-қазан күні мектеп кітапханасында «Қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Технология пәнінің ұйымдастыруымен «Қыз бала -гүл» қолөнер көрмесі жасалынды. Көрмеге 5-7-класс қыздары өз қолдарынан гүл жасап қойды.



10-қазан күні «Тек қыздар арасында» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге мектебіміздің «Сымбат» қыздар клубының мүшелері 8-11-класс қыздары, клуб жетекшісі Нурешова Л.Б, психолог Сакенай С, әлеуметтік педагог Ишаулова Г.М, тәрбие ісінің орынбасарлары Мукашева К.С, Сарсенова А.Е қатысты. Отырыс барысында қыздарға кеңестер беріліп, видео-материалдар көрсетіліп, сауалнама алынып, жадынамалар таратылды. Соңында қыздар арасында тәтті шаймен аяқталды.



«Адал жол» акциясы бойынша «Жемқорлыққа жол жоқ» атты апталық шаралары


25 қараша оқушылар үшін «Сыбайлас жемқорлық деген не?» ақпараттық бұрышы шығарылды. Мектеп тәлімгері оқушыларға, ата-аналарға жадынамалар таратты.



«Біз сыбайлас жемқорлыққа жоқ дейміз» тақырыбында сурет салу сайысына 6,7-класс оқушыларынан барлығы 10 оқушы қатысып, 1 орынды бә-класс оқушысы Дидарұлы Б. 2 орынды Холоша И /6б/ мен Ермекова Г /7а/, 3 орынды Есенғалиев Н /7а/, Русланова Р /6б/ класс оқушылары жеңіп алды.




«Жемқорлықсыз ел-гүлденген ел» эссе жазу тапсырмасын 8,9,10,11-класс оқушылары орындады. 8а-касынан Сабыр С, 9а-касынан Сакенай А, Дүкенбай Л, Еділ А, Тынышбай А, 8б-касынан Шулекина К, Морец Ю, Бежан Е, қатысты.



26 қараша күні мектеп дәлізіне видеопроектор қосылып, оқушыларға қысқа метражды кинолар көрсетілді.



27 қараша күні тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева мектеп психологі С.Сакенаймен бірлесе отырып әкелермен «Бала тәрбиесі – жауапты іс» тақырыбында жиналыс өткізді. Келген әкелер саны-15 адам болды. Әкелерге жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық туралы және сыбайлас жемқорлық мәселесі айтылып, ой бөлісіп, видео-роликтер көрсетілді.



28 қараша күні «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Г.Т.Тышимова клуб мүшелерімен бірлесе отырып дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелге ауыл кітапханашысы Р.Сарсенова қатысты.



«Адал ұрпақ» клубының жеткшісі Захаренкова Н. Клуб мүшелерімен бірге «Борьба коррупцией» тақырыбында кездесу сағатын ұйымдастырды. Кездесуге аудандық прокуратурадан Т.Ж.Сарин, ауылдық учаскелік полиция А.Темірбекұлы, ардагер ұстаздар Кожина Т.В, Павлова Н.В, ата-аналар комитетінің мүшелері Искаков Н, Перверзева С, Перверзева Г қатысты.



6 қараша күні «Адалдық сағаты» акциясының өткізілгендігі туралы анықтама

№	Мектеп атауы	Қатысушылар саны	фото	Әлеуметтік желі сілтемесі

1	Тал дыс ай ЖО ББ М	28		https://www.instagram.com/p/BtNq-P2HAO5W6uvFvegLLAS4tYBx3IyAWivDdA0/?utm_source=ig_share_sheet&igshid=39yviyvyo41e
---	-----------------------------------	----	---	---

7 наурыз күні «Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмір шуағы» атты мерекелік концерт өтті.

«Табысты әйел» тақырыбындағы кездесу сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: әр түрлі салада қызмет етіп жүрген әйелдермен кездесе отырып, жеткен жетістіктерімен бөлісу, қыз балаларға үлгі ету, әйел адамның қоғамдағы ролін таныту;

Биртаева С.Б- мектеп директоры, аудандық маслихаттың депутаты.

Жулдубаева Н.А – учитель нашей школы и предприниматель

Сулейменова Акмарал Жанділдақызы- балабақшаның медицина қызметкері

Бахрадинова Сулу апай – мектебіміздің мейірбикесі

Сулейменова Нурсулу Болатовна – балабақша тәрбиешісі

Лямова Веорика Николаевна – балабақша тәрбиешісі

Фильченко Валентина Сергеевна – ветеран труда, педагог с большой буквы

Калиева А.Н –орыс тілі пәнінің мұғалімі, ардагер ұстаз.

Холоша Ольга Алексеевна – предприниматель.

Кездесуге 8-11-класс қыздары қатысты.

3.Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

5 қыркүйек күні «Тіл-татулық тірегі» атты салтанатты жиыны өтті. Кітапханашы Г.О.Абдиханова кітап көрмесін ұйымдастырды.



Жалпыхалықтық диктант жазу күні өтті. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері белсене қатысты. Жиктан тақырыбы «2019 жыл-Жастар жылы». Мәтінді латын тілінде жазды.

4.Отбасылық тәрбие бағыты бойынша

Оқу жылы басында класс жетекшілер мен әлеуметтік педагог бірлесе отырып, әр кластың әлеуметтік картасын толтырды. Карта толтыру қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты дайындалып, тізім бекітілді.

Отбасы күні мерекесіне орай 6-14 қыркүйек күндері «Отбасы-бақыт мекені» атты республикалық апталық өтті.

Осы апталық барысында мектеп психологтары А.К.Калинчук, С.Сакенай 1,5,11-кластың класс жетекшілерімен бірлесе отырып, ата-аналармен «Баланың бас ұстазы-ата-ана» тақырыбында тренингтер өткізді. Ата-аналарға әр баланың жас ерекшелігі туралы айтылып, кеңестер беріп өтті. 5-кластың кездесуіне әдістемелік жөніндегі орынбасры Р.О.Дүйсенбина қатысып, жаңартылған білім беру бағдарламасы туралы қосымша түсінік берді.



2-3-класстарда «Менің отбасым» фото-конкурсы өтті.



4а-4б-класстарының оқушы, ата-аналарымен бірге «Біз тату отбасымыз» атты спорттық эстафета ұйымдастырылды. Эстафетаны спорт инструктор А.Ишаулов жүргізді. Эстафета кезеңдері қызықты, ұтымды, ұжымдық тапсырмалардың тұрды.



Қорытындысы бойынша 1 орынды Жаржанов А отбасы, 2 орынды Братова К отбасы, Русланова А отбасы 3 орын, Осымова А мен Калиева Д отбасыларына қатысқаны үшін дипломдармен марапатталынды. Ата-аналар комитеті қатысқан оқушыларға демеушілік жасады. Отбасы күніне орай кластарда тәрбие сағаттары өтті. Соның ішінде 6-кластар ашық тәрбие сағаттарын беру қажет болды. 6а-класстың жетекшісі А.С.Куттымуратова «Отбасы құндылығы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Сабақ жақсы өтті. Оқушылар белсене қатысты.

Отбасы күніне орай және оқу жылы басында «Отбасының қоғам алдындағы маңыздылығы мен ролі» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.



8,9,10-класс оқушылары аралығында ой толғау жазу тапсырмасын орындады.

7а,7б-класс оқушылары ата-аналарға арнап «Отбасы-бақыт мекені» атты мерекелік концерт қойды.



24-25 қазан күні «Отбасы - тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілу қажеттілігі туралы облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің қатынас хатына сай төмендегідей сабақтар өтті.

24 қазан күні өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Сакенай С За-класында «Отбасы-барлығының басы» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушыларға отбасы туралы суреттер таратылып берілді, олар суреттерді бояп, әңгіме құрастырып айтты. Мұғалім отбасы құндылығы, отбасы мүшелерін құрметтеу, әке-шешені сыйлау, бауырларына қамқор болу туралы түсінік бере отырып, оқушылармен ой бөлісті. Оқушыларға «Мен отбасыммен мақтанамын» тақырыбында өз отбасылары туралы әңгімелеп беру тапсырмасын берді. Оқушылар әрқайсысы өз ата-аналарының қамқорлығын айтып, жасайтын кәсібіне тоқталып, отбасыммен мақтанамын деді.

Сабақ жақсы өтті.



25 қазан күні мектеп психологтары Сакенай С мен Калинин А.Қ 11-класс оқушыларымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында мамандық таңдауда отбасы мүшелерінің қандай ықпалы бар және ата-анасының мамандықтары бойынша ой қозғап, болашақта осы ата-ананың мамандығы бойынша жалғастыратын оқушылар бар ма, болса не себепті, болмаса не себепті деген сұрақтар бойынша өз пікірлерін білдірді. Оқушыларға мамандық таңдаудың қажеттіліктері, бүгінгі заманның сұранысы бойынша мамандықтар тізімі, тесттер жүргізіліп қорытынды жасалынды. Оқушыларға мамандық таңдауда қателеспеу керектігін. Өз қалауы мен мүмкіндігін ескерілуі қажеттілігі ашық айтылды.



4б-класында Лыкова С.Ф «Семья вся вместе-и душа на месте» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сабаққа 10 оқушы, 2 ата-ана, 2 педагог қатысты. Сабақ басында оқушылармен тренинг өткізіп, отбасы туралы видео-ролик көрсетілді. Оқушылар отбасы деген не? Отбасының тату болуы неге байланысты? деген сұрақтармен ой бөлісті. Мұғалім тату отбасы аңыз әңгімесін оқып берді. Үйге берілген тапсырма бойынша оқушылар отбасынан арнаған өлең жолдарын оқып, өз отбасылары туралы түсірілген видеолар көрсетті. Сабақ соңында әр оқушыға арнайы жасалған гүл күлтелері таратылып, оқушылар отбасына тілектерін жазып қалдырды. Сабақ өте жақсы өтті.



10а-класында Дүйсенбина А.А «Отбасы-бақыт ұясы» тақырыбында сабақ өткізді.



2а-класында Алиева А.М «Отбасы татулығы» тақырыбында сабақ өткізді.



Барлық қатысқан оқушы саны- 60, Ата-ана саны-8, Мұғалім саны-10

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес 2019 жылдың 9-13-желтоқсан аралығында жетекші мектептер базасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын енгізу аясындағы отбасы мен мектеп ынтымақтастығының ролі тақырыбында класс жетекшілерге арналған әдістемелік күндер өткізілу қажеттілігі хабарланды. Талдысай ЖОББМ аудандағы жетекші мектептердің бірі болып саналатындықтан, Комсомол ЖОББМ, Ярослав ЖОББМ, Ұшқатты ЖОББМ серіктес мектептердің класс жетекшілерін арнап әдістемелік күн ұйымдастырдық. 15 класс жетекші қатысты.

Әдістемелік күннің тақырыбы: «Рухани жаңғыру және ұрпақ тәрбиесі»

Мақсаты:

-«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде отбасы құндылықтарын нығайту;

-отбасы мен мектеп ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып жас ұрпақты тәрбиелеу, бәсекеге қабілетті, өз елін сүйетін, отбасын құрмет тұтатын, білімді, ұлттық тәрбиеден нәр алған тұлға тәрбиелеп шығару;

Шараға мектеп директоры С.Б.Биртаева, директордың әдістемелік жөніндегі орынбасары Р.О.Дүйсенбина және аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Бекетов З.Ө қатысты.

Іс шараны жоспарлап, ұйымдастыруды тәрбие ісінің орынбасары К.С.Мукашева жүргізді. Талдысай ЖОББМ класс жетекшілері Слюсарь Р.П мен Турежанова Т.К мектептің «Шаңырақ» жобасы бойынша құралған кластардың ата-аналарын жұп қылып барлығы 12 ата-ана қатысып, «Отан отбасынан басталады» атты сайыс өткізді. Сайыс кезеңдері «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен байланыстырылып, ата-аналар тапсырмаларды орындап шықты. Қорытындылай келе 1 орынды «Здоровые поколение» және «Өнер» шаңырақтары жеңіп алды. Қалған шаңырақтар 2,3 орындарға ие болып, ата-аналар АББ-нің басшысының грамотасымен марапатталынды.

Осы ашық шарадан кейін Ярослав ЖОББМ класс жетекшісі Кадыров М.М «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» тақырыбында панорамалық жұмысын көрсетіп, ой бөлісті. Мектептің психологі А.К.Калинчук класс жетекшілермен ата-анамен қандай тренинг шараларын жүргізуге болатынын көрсетіп, оны ұйымдастырып көрсетті.

Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы видео - материалдар көрсетілді. Шара соңында класс жетекшілерге «Бес саусақ» рефлексиясы жүргізілді.

Белсене қатысқан класс жетекшілер мен жауапты мамандар АББ-нің грамотасымен және аудандық кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен марапатталынды.



5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша

3 қазан күні мектебімізде Республикалық экологиялық сағаты өтті. Сағат 10-да 8-11-класс оқушылары үшін биология пәнінің мұғалімдері Сырмаханова Л.Қ, Нурешова Л.Б тақырып аясында мәліметтермен таныстырып, видео-роликтер көрсетті. Оқушылармен ой-бөлісу сәті өтті. Шараға аудандық маслихат депутаты С.Б.Биртаева қатысты. Мектеп ауласына 25 ағаш отырғызылды. 4б, 2б-3б-кластарында класс сағаттары өтті.



12 қазан күні мектепте сенбілік өтті. Сенбілікке 8-11-класс оқушылары, мұғалімдер мен кіші қызметкерлер қатысты.



Оқушыларға кәсіптік бағдар беру мақсатында оқушылармен аудандық өрт сөндіру қызметкерлері Көкшетау қаласында орналасқан төтенше жағдайлар оқу орынына, ПБ қызметкерлері Қарағанды қаласындағы оқу орны туралы профориентация жүргізді.



Қазан айында Алтын күз апталығы өтті.6-класс оқушылары аралығында «Құстар қайтып барады» тақырыбында кеш өтті.



Қолөнер көрмесі



1а,2а,3а,4а-класс оқушылары арасында «Арайлы Алтын күз» сайысы өтті. Бас жүлдені 3а-классы, 1 орынды 2а-классы, 2 орынды 1а-классы, 3 орынды 4а-классы жеңіп алды.

5а-классында класс жетекшісі Ф.Е.Қушқимбаева «Кім?Не?Қайда?» интеллектуалдық ойынын өткізді. Қорытындысында Амангелдина Т «Сынып білгірі» атанды.



МАД топтарында мерекелік ертегіліктер өтті.




7-8-класстарда «Күз ханзадасы мен ханшайымы» өтті. 7а-классының оқушылары атақты жеңіп алды.



Бастауыш 1б,2б,3б,4б-класс оқушыларының арасында сайыс өтіп, бас жүлдені 4б-классы, 1 орынды 3б-классы, 2 орынды 1б-классы, 3 орынды 2б-классы иеленді.



6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша 2 қыркүйек күні «Адалдық сағаты» бірыңғай сабағында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушыларына сабақтар өтті. Сабақты «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Тышимова Г.Т мен Захаренкова Н.К өткізді. Сабаққа қамқоршылық кеңес төрайымы Утегенова А.Т мен ардагер ұстаз Кожина Т.В қатысты. Қатысқан оқушы саны- 50. Оқушыларға тақырыпқа сай жобаның мақсаты таныстырырылып, оқушылар пікірі тыңдалып, видеолар көрсетіліп, презентация бойынша түсінік берілді. Оқу жылына «Адал ұрпақ» клубының мүшелері сайланып, клубтың мақсат міндеттері таныстырылды.



Жаратылыстану пәндерінің апталығы өтті.



Желтоқсан айында тарих және география пәндерінің бірлестігінің апталығы өтті.

Апталық барысынла пән мұғалімдері Қ.Сәтпаевқа арнап ғылыми жоба қорғау күнін өткізсе, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай мәнерлеп оқудан сайыс, Тәуелсіздіктің 28 жылдығына арналған мерекелік концерт беріп апталықты жақсы ұйымдастырды. Оқушылар белсене қатысты.

Қараша айында бастауыш кластар бірлестігінің апталығы өтті. Апталық өте жақсы ұйымдастырылды. Барлық пәндер қамтылды. Оқушылар белсене ат

салысты. Қаңтар айында Филология ӘБ

, ақпан айында математика ӘБ, наурыз айында биология ӘБ апталықтарын өткізді.

7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша



«Біз тату отбасымыз» спорттық эстафета

«Денсаулық-2019» фестивалі



Қыздар күніне орай дойбыдан жарысты Кушкимбаев

Т.Е. өткізді. Қорытындысы бойынша оқушылар марапатталынды.

Күзгі каникул күндерінде оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және есептегі оқушыларды бақылау мақсатында бірнеше спорттық шаралар өтті. Слюсарь Р.П «В гостях у сказки» көңілді старты өтті. Оқушылар марапатталынды.



Кургулин М.С 8-11-кластар арасында волейболдан жарыс өткізсе, Ахмет А футболдан жарыс өткізді. Кушкимбаев Т .Е шахматтан жарыс өткізді.

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес бойынша өткізілген шаралар


25 қараша күні мектеп медбикесі Ахметова С 8,9,10,11-класс оқушыларының аралығында «Мен АИТВ жұқпасының алдын алу жолдарын білемін» сауалнамасын өткізді. Сауалнамаға 35 оқушы қатысты. 28 оқушы дұрыс жауап бере білгені анықталды. ЖИТС-тің алдын алу мақсатында тәлімгер А.Жоныс пен мектеп медбикесі оқушыларға «қызыл лента» таратылып және «СПИД-қауіпті дерт» жадынамасы таратылды. Мектеп медбикесі Ахметова С денсаулық бұрышын шығарды.

26 қараша күні мектеп медбикесі 5,6,7-класс оқушылары үшін

«Әр адам қауіпсіз және салауатты өмір сүру үшін жаралған» тақырыбында дәріс оқыды.

27 қараша күні спорт инструктор А.Ишаулов қыздар арасында «ЖастарЖИТС-ке қарсы» волейболдан жарыс өткізді. Волейболға екі команда қатысты.

27 қараша күні тәрбие ісінің орынбасары мен мектеп медбикесі Ахметова С 10-11-класс ата-аналарына ЖИТС-тің алдын алу мәселесін түсіндіру мақсатында отырыс өткізіп, дәріс оқып, ата-аналарға жадынамалар таратылды.



Р.К.Калиев атындағы шахмат турнирінің өткізілгендігі туралы анықтама

21 қараша күні аудандық Р.К.Калиев атындағы шахмат турнирінің 12 мәрте жарысы өтті. Жарысқа аудан мектептерінен 10 мектеп қатысты. Қорытындысы бойынша 1 орынды Абай атындағы ЖОББМ /Ақкөл /, 2 орынды Еңбекту ЖОББМ, 3 орынды Белқопа ЖОББМ жеңіп алды. Марапаттау сәтіне аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы З.Ө.Бекетов қатысып талдысай ЖОББМ директоры С.Б.Биртаеваны алғыс хатпен марапаттаса, жеңіске жеткен командалардың тренерлерін грамотамен марапаттады.

Жеңіске жеткен оқушылар медаль, грамотамен марапатталынды. Жарыстың жылма-жыл өтуіне аудандық білім бөлімім, мектеп ұжымы және Р.Калиевтің отбасы зор үлесін қосып, демеушілік көрсетуде.

Ақпан айында «Әкем және мен» футболдан жарыс. Каникул күндерінде спорттық шаралар өткізіліп тұрды.

7 сәуір Денсаулық күніне орай қашықтықтан іс шара ұйымдастырылды.

8.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша

«Жас ұлан» ұйымының оқушыларымен тәлімгер А.Жоныстың ұйымдастырумен іс-шаралар өтті.

Оқу жылы басында мектеп оқушыларымен алғашқы отырыстарын өткізді. Отырыста жылдық жоспар талданып, мектеп президентін сайлау мәселесі қаралды.



«Ұланбасы» сайлауы өтті. Мектеп ұланбасшысы болып Мадияр Қ сайланды.



9-класс оқушыларын қабылдау кеші өтті.

АӘД пәнінің мұғалімінің ұйымдастырумен «Сапқа тұр, жас ұлан» байқауы өтті. Байқауға 5,6,7-класс оқушылары қатысты. Орыс класы қатысқан жоқ.



6 қараша күні Адалдық сағаты өтті. Клуб жетекшісі Тышимова Г.Т 9а,11а-кластарында сабақ өткізді.



Күзгі каникул күндерінде мектеп кітапханшысы оқушылармен «Ауылым-алтын бесігім», «Кітап-білім бұлағы» танымдық сағаттарын өткізді.



Әлеуметтік педагог Г.М.Ишаулова «Бақытты балалық шақ» тренингін, тәрбие ісінің орынбасары К.Мукашева «Әдепті бала –арлы бала» тәрбие сағаттарын өткізді.

Қаңтар айында дәстүрлі студенттермен кездесу кеші өтті. Кешті тәлімгер Жоныс А «Түнгі студия» бағдарламасы аясында өткізді. «Мен офлайн» акциясына орай іс-шаралар өтті.

2020-2021 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының мақсаты: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Әрбір педагогикалық ұжым өзінің қызметін мақсатқа бағыттап, оның шарттары мен мүмкіндіктері бойынша нақтылауы тиіс.

Тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

2.Рухани-танымдық тәрбие.

3.Ұлттық тәрбие.

4.Отбасылық тәрбие.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1.«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі

№ 145 бұйрығы

2. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің

Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары. 2019 жылғы 19.08.№ 252 бұйрығы

Талдысай ЖОББМ тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді тұлғаны қалыптастыру .

